



Азық-түлік келісім шарт корпорациясы мен Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ислам ұйымы арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

«ҚазАгро» холдингінің еншілес ұйымы «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ («Азық-түлік келісім шарт корпорациясы») және Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы (АҚИҰ) Астана қаласында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа Азық-түлік келісім шарт корпорациясының Басқарма төрағасы Бакытжан Жоламанов және Азық-түлік қауіпсіздігі бойынша ислам ұйымы Хатшылығының Бас директоры Ержан Жалмұханов қол қойды.

Меморандум ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру туралы бірлескен жобаларды жүзеге асыру, Қазақстандағы өсімдік өнімдерін қайта өңдеу және тынайған жерлерде дақылдарды өсіру бойынша жобаларды қаржыландыру.

Құжатқа қол қою «ҚазАгро» Холдингі мен Ислам ынтымақтастық ұйымы үшін маңызды қадам болып табылады, ал Қазақстан Республикасының Ислам әлемінің азық-түлік қауіпсіздігі картасына қосылуы өз кезегінде Қазақстанның Агроөнеркәсіптік кешендегі инвестиция тартуға көмектеседі.

Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтің Ислам ынтымақтастығы ұйымы елдерінің сыртқы істер министрлерінің 38-ші сессиясы барысында айтқан бастамасы бойынша құрылды.

Ұйым мүше-елдердің ауыл шаруашылығын, азық-түлік қауіпсіздігін тиімді дамыту, биотехнологияларды дамыту, шөлдену, эрозия және топырақтың тұздануынан туындаған проблемаларды шешу бойынша техникалық дайындықты қамтамасыз етеді. Ұйым азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін резервтер құру арқылы төтенше және гуманитарлық көмек көрсете алады. Ұйымға 31 ел кіреді.

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ өзінің құрылымына кіретін компаниялардың инвестициялық активтерін тиімді басқару арқылы, Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асырады. Холдингінің құрамына «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ, «ҚазАгроӨнім» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «ҚазАгроКепіл» АҚ және «ҚазАгроМаркетинг» АҚ енеді.

«ҚазАгро» холдингі» АҚ баспасөз қызметі

+7 701 460 91 82, R.Tasbulatov@kazagro.kz, T.Izdibayev@FCC.kz; тел: (7172) 70-56-39, 59-12-69
www.kazagro.kz